

## **ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

**Ильясова К.М.**

kulpush\_66@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Шығыстану кафедрасының проф.м.а.,  
т.ғ.к., доцент

*Интернет-оқытуудың пайда болуы,  
соңғы 500 жылдагы,  
яғни кітіп басып шыгару кезінен,  
білім беру технологиясы саласындағы  
маңызды өзгеріс болды.*

*Д.Д.Хантер «Мәдениеттер сөзісі»*

Қашықтан оқыту түрі – бұл электронды почта, теледидар мен Internet жаһандық жеді сияқты, қазіргі ақпараттық технологиялардың көмегімен, оқу орнына бармай-ақ, білім беру қызметін алу деген сөз. Қашықтан оқытууды жоғары білім алу үшін, біліктілік арттыру және мамандарды қайта даярлау үшін, студенттердің дағдысы мен білімін мерзімді түрде тексеру үшін, жұмыс орнында немесе түрғылықты жердегі арнайы компьютерлік кластарда пайдалануга болады. Бұдан басқа, кез келген реттілікпен оқу курсарын, өзіне тиімді сол жылдамдықпен оқыта алады. Бұл қашықтан оқытуудың сапасын көтереді, қолжетімді және дәстүрлі оқытудан неғұрлым арзанға түседі.

Қашықтан оқыту әдісінің шығу тарихына қысқаша шолу жасасақ, оның негізін қалаған Исаак Питман, алғаш рет почтаның көмегімен Ұлыбританияның студенттеріне стенографияны оқытууды ұсынған.

1836 жылы Лондон университеті (University of London) қашықтан білім алу мүмкіндігін ұсынады. 1858 жылдан бастап, Университет өткізген емтихандар, басқа елдерден Лондон Университетінде білім алғысы келетіндер үшін ашық болды. Бұл бағдарламаның пайда болуы, университет бағдарламасы бойынша поча арқылы оғыту курсарын ұсынған, колледждердің ашылуына алып келді. 1906 жылы осы әдіс Университетте штата Висконсин штаты Университетінде пайда болады. 1911 жылы Квинсленд университетінде жоғары оқу орындарының бағдарламасы бойынша кірстар ұйымдастырылады. 1914 жылы мектепте оқу мүмкіндігі жоқ балалар үшін, бастауыш кластар бағдарламасы бойынша қашықтан оқыту құрылады. Осыған ұқсас оқыту әдістері Канада мен Жаңа Зеландия мектептерінде қолданыла бастайды.

Көршілес Ресей мемлекетінде қашықтан оқыту 1917 жылы пайда болған. Совет Одағында қашықтан оқытуудың «консультациялық» әдісі, яғни визуалды байланыссыз оқыту дамыды. Бұл модель дайындықтың әртүрлі деңгейіндегі оқушылар үшін ұсынылды. Өткен ғасырдың 60-жылдары Совет Одағында 11 сырттай оқыту университеттері мен тұтас бірқатар сырттай оқыту факультеттері ашылады. Сырттай оқыту да негізінен студенттің өздігінен жұмыс жасауын қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

1993 жылы Ресей мемлекетінде кассетеларды қолдану арқылы ағылшын тілін қашықтан оқытууды ұсынған Корреспонденттік оқытуудың Еуропалық мектебінің (ЕШКО) бөлімшесі

ашылады. Курсты аяқтағаннан кейін білім алушылар сертификат алды. Білім аудың ажыратылған тәсілі қөшпілікті өзінің жаңашылдығымен және тілді үйренудің дәстүрлі емес тұрғысымен қызықтырды. Одан кейінгі жылдары қашықтан білім беру ісі танымал болды және бүгінге дейін білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазір халықаралық талаптарға жауап беретін, көптеген оқу бағдарламалары әзірленді. Ақпараттық технологияларды прогрессивті пайдалану, электронды поча арқылы хат жазу, бейнеконференциялар, оқу порталдарының құрылуына алып келді.

Алдыңғы қатарлы елдер білім беру ісіне көптеген қараждат бөледі, сонда әрбір адам дәстүрлі тәсілдер мен сауаттылық деңгейін көтеруге мүмкіндік алады. Экономикасы әлсіз мемлекеттер қабілет және дағды деңгейін көтеруге ірі көлемде қаржы бөле алмайды және халықаралық деңгейдегі жоғары білікті мамандарды даярлауга қабілетті емес. Мұндағы елдер халықаралық стандарттың білімін қашықтан алады. Бұл әдіс айтарлықтай қаржы салымынсыз, білім беру ісін жақсартады және алдыңғы қатарлы елдерден қалып қоймауга мүмкіндік жасайды.

Қазіргі кезде көптеген мемлекеттерде танымал шетелдік қашықтан оқыту жүйесінің (СДО) бірі – «MOODLE» жүйесі болып табылады. Бұл жүйе - оқытуды басқарудың еркін жүйесі, ең алдымен, оның жұмысы білім алушы мен білім берушінің арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыруға бағытталады. Тілдік қолдау мен рәсімдеу шаблондарынан бөлек, Moodle мынадай модульдік типтерді, айталақ тапсырма типтері, курс форматтарын, курстар бойынша есептер, бағалау бойынга есептер, әкімшіліктің есебі, тестегі сұрақ типтері, тестердің импорт/экспорт форматтары, тест бойынша ес есептер, қосымша курсқа жазылу. Сондай-ақ, бұл жүйе «алынған білімді, дағды мен икемділікті жетілдіру, бекіту, білімдегі бос орындарды анықтау үшін» маңызды аспект болып табылатын ағымдағы және аралық бақылауды өткізуға мүмкіндік береді [1, 86.].

Қашықтан оқытудың қалыптасуы мен дамуы проблемасын тарихи-педагогикалық талдау көрсеткендей, қазіргі кезде әлемде қашықтан оқыту жүйесін жүзеге асырудың тәжірибесі жинақталды. Жалпы алғанда білім берудің дәстүрлі емес формасына өтудің әлемдік тенденциясы жаңа ақпараттық технологиялар бойынша жетекші дайындастын, жоғары оқу орындарының өсімін көрсетеді, АҚШ-та қашықтан оқыту жүйесінде 1 миллионға жуық адам оқиды екен [2, 1-2 66.].

Жалпы алғанда, қашықтан оқыту процесіне мынадай сипаттама беруге болады: курс бойынша арнайы әзірленген әртүрлі деректік ақпараттар, оқу материалдарымен, студенттің өзіндік танымдық қызметінің ыңғайлышы үйлесімділігі; курсты жүргізетін жетекші оқытушымен оперативті және үйлестіруші кеңесші-үйлестірушілердің өзара әрекеттілігі; берілген курстың қатысушыларымен ынтымақтастықтағы оқыту типі бойынша топтық жұмысы, курстың мазмұнына сәйкес жұмыстардың барысында, оның ізденушілік, зерттеушілік, проблемалық қырларын барынша пайдалану; курсқа қатысушылардың шетелдік әріптестермен (халықаралық жобалар) бірлескен телекоммуникациялық жобаларға қатысу; электронды телеконференциялар барысында аралық және қорытынды жеке және топтық талқылаулар, презентациялар ұйымдастыру, курс қатысушыларымен ақпарат, пікір алмасу, сонымен қатар кез келген басқа да әріптестермен, соның ішінде Internet арқылы шетелдіктермен байланысқа түседі. Ал материалдың құрылымына келесі мазмұндағы компоненттер кіреді: қажетті иллюстрациясымен, оқу материалдары; оны игеру бойынша нұсқаулықтар; сұрақтар мен

жаттығу тапсырмалары; бақылау тапсырмалары мен оларды орындау түсіндірмелері [2, 12-13 66.].

Көптеген зерттеулерде қашықтан оқыту технологиясын пайдалануға бағытталған, курстар мынадай талаптарға сәйкес құрылуы керектігі айтылады. Олар: оқыту процесінің орталығында білім алушының өзіндік танымдық қызметі (оқыту емес, білім алу) түруы керек; білімді өздігінен жасау, жаңа педагогикалық технологияларды – жобалар, зерттеу, проблемалық әдістерді пайдалану пассивті сипатта болмауы тиіс; оқытушымен сияқты, басқа әріптермен де белсенді өзара әрекеттесу, танымдық және шығармашылық қызмет процесіндегі ынтымақтастық, бақылау жүйесі жүйелілік сипатта болуы тиіс және опретивті кері байланыс, автоматты бақылау, мерзімі өткен бақылау негізінде құрылуы керек [3].

Қашықтан оқыту курсын жобалау формасы [3]. Кесте 1

БЛОК		Мазмұн элементтері	
Нұсқаулық		Курспен жұмыс бойынша жалпы нұсқаулық Материалдармен жұмыс кестесі	
Ақпараттық	Модульдер	Оқу элементтері	Глоссарий
Бақылаушылық		Тест тапсырмалары Практикалық тапсырмалар	
Коммуникациялық	Форум	Чат	Рефлексифті материалдар

Оқу процесінде қашықтан оқыту формасының технологиялығы, ашықтығы мен қолжетімділігі, еркіндігі мен икемділігі, индивидуалдылығы мен шығармашылығы, таным процесінің жоғарылығы сияқты артықшылықтарымен бірге, оқушы мен оқытушының тікелей байланыста болмауы, жеке компьютер мен интернетке қолжетімділіктің қажеттілігі, сондай-ақ қашықтан оқыту үшін қатал өзіндік тәртіптің қажеттілігі сияқты кемшіліктер де қатар жүреді.

Шетелдік сарапшылардың мәліметтері бойынша, 2020 ж. кейін әрбір жұмыскер цифrlы қоғамда өмір сүру үшін, білім алушының қарапайым деңгейін қажет етпек. Құндізгі оқу формасында білім алушыларға бөлінетін қаражатты ең дамыған елдердің өздері де көтере алмауы мүмкін. Сондықтан, соңғы онжылдықтарда қашықтан оқыту технологиясы бойынша білім беретіндер (тынторлар) мен білім алушылардың (студенттер) саны, дәстүрлі технологияларды қолдаушыларға қараганда, тез өсіп, қарқын алуы кездейсоқтық емес [4].

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасындағы қашықтан оқыту формасының дамуы ұлттық білім беру моделінің негізге бағыттарының бірі болып отыр. Бұл бағытtagы Қазақстан Республикасы білім берудің ақпараттандыру жүйесі, бастауыш және орта арнағы білім берудің ақпараттандыру, орта білім берудің ақпараттандыру жүйесінің мемлекеттік бағдарламаларының белсенді әрекеттері Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тұжырымдамасы аясында орындалады. Зерттеушілер Қазақстандағы қашықтан оқытуудың проблемаларына арналған еңбектердің ішінде, Д.М. Джусубалиеваның іргелі зерттеуін ерекше атайды. Ол оқытуудың негізгі түрлерін (иллюстративті-түсіндірмелік, бағдарламалық және т.б.) қарастыра отырып, қашықтан оқытуды, білім берудің жартылай функционалды қызметін, оқытуудың ерекше әдістерін, білім беру процесіндегі субъектілердің жоғары белсенділік деңгейін сипаттайтын білім берудің жаңа түрі ретінде көрсетеді. Сонымен қатар қашықтан оқыту қағидаларының ішінде, интерактивті қағидаға тоқталып, қашықтан оқытуудың

интерактивті тиімділігі, компьютерлік конференциялар жүйесі арқылы болатын телематиканы пайдалануға байланысты болатынын айтады. Бұл жүйе оқытылатын материалдарды таратуы мүмкін және электронды пошта арқылы синхронды өзараәрекет пен компьютерлік конференц-байланыс жабдықтарын жасауга мүмкіндік береді. Бұл оқытушы мен студенттің арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді және мемлекеттің түкпір-түкпіріндегі оқытын топтар арасындағы пікір-таласқа жол ашады [5].

Өткен оқу жылында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Қашықтан оқыту технологиясы» орталығы (центр ДОТ) арқылы академиялық ұтқырлықпен оқуын Корея Республикасында жалғастырган Халықаралық қатынастар факультетінің «Шығыстану» мамандығында корей тілі бойынша білім алған 2 курс студенті М.Барлықбаева «Шығыс елдерінің тарихын» қашықтан оқыды. Бұл процесте пән оқытушысы Орталықтың нұсқаулығы бойынша MOODLE-ге кіру және жүктеген, дәрістерді бір файлға жүктеген, тапсырма жүктеген, тапсырма жүктеген режимін аяқтау, білім алушыларды курсқа қосу, білім алушыларды тексеру және бағалау сатыларынан өтеді. Студент берілген тапсырмасын өзінің сабак кестесіне, яғни бос уақытына қарай орындауды, уақыт жағынан қысылмайды. Сәйкесінше оқытушының тексеру және бағалау жұмыстары да еркін режимде орындалады.

Осы қашықтан оқыту процесіне қатысты «корей тілі» тобының 2 курс студенті М.Барлықбаеваның пікіріне назар аударсақ. «Мен үшін қашықтан оқу, шетелдік университетке барғаным сияқты жаңа бір сынақ болды. Қашықтан оқудың тиімді жағы- қатал тәртіпке баулығаны деп білемін. Бұған дейін «Coursera», «edX» сияқты танымал сайттардың курстарына тіркеліп оқығанмен, тапсырманы орындаған, жүктелуі қажет мерзімге дейін ұлгерменедіктен, жарты жолда қалып қойған жағдайлар болды. Дәрістер мен практикалық сабак тапсырмаларын бос уақытым болған кезде мерзімінен бұрын орындаған, жүктегендегі әдетке айналдырым. Қашықтық пен уақыт айырмашылығы білім алушыма кедергі келтірмей, керісінше ынталандырым.

Ал, енді маган қындау болған жағына келер болсам, мен дәріс тыңдағанда лектордың көңіл-күйіне, яғни аудиторияның психологиялық атмосферасына көңіл бөлемін. Басқа студенттермен бірге отырып дәріс тыңдамағандықтан, дәріс кезінде айтылып, берілген материалдарда жоқ мәліметтер болса, оны білмей қаламын ба деген қорқыныш болғанын жасырмаймын. Немесе қандай-да бір жағдайды немесе оқиғаны талқылағанда, дәріс студенттің көзқарасын, сол оқиғага деген оқытушының өзіндік талдауын білгім келген сәттер де болды. Қашықтан оқытуудың осындағы кішігірім кемшиліктері шынайы дәрісті алмастыра алмайтынын көрсетті [6].

Одан кейін әлемдегі пандемия, елдегі қатаң карантин жағдайы, орта, арнаулы және жогары мектептердің басын тағы да қашықтан оқыту технологиясына бұрып алғып келді. Соған сәйкес үстіміздегі жылдың 6-25 тамыз аралығында «Қашықтан оқыту технологиясы» орталығы, университеттің профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру және мамандарды қайта даярлау мақсатында, «Қашықтан оқыту жағдайындағы заманауи оқытушының цифровық дағдылары» атты біліктілік арттыру курсы ұйымдастырыды [7]. 2 модульден тұратын курста «Компьютердің бағдаралық және аппараттық қамтамасыздануы», «Онлайн-коммуникациялар», «Цифровық контенттің құрылуы», «Google сервистер», «Google құжаттар», «Коллaborация және цифровық контентті басқару», «Компьютерлік қауіпсіздік негіздері», «Облако mail.ru», «Электронды оқыту», «Білім беру технологиялары. Арасас

оқыту әдістемелері», «Moodle жүйесіне қатысты нұсқаулық», «Zoom видео», «Microsoft Teams нұсқаулық», «Camtasia 8 бағдарламасын жүктеп алу сілтемесі» сияқты тақырыптарда цифрлық дағдыны қалыптастырып, қашықтан оқытудың заманауи әдістерін менгердік.

Жалпы осындай біліктілік арттыру курстары, алдағы уақытта да цифрлық жаңарулармен бірге, үздіксіз ұйымдастырылып тұрғаны дұрыс болар еді. Өйткені, гуманитарлық бағыт бойынша Интернет желісі арқылы сабакты ұйымдастырудың қарапайым түрлерінен бастап қазіргі күрделі заманауи әдіс-тәсілдерін жетік игеру – жоғары оқу орындарында оқытылатын курстардың сапасын арттырумен қатар, қашықтан оқыту жағдайында қатал тәртіп режиміне көшкен оқытушының да, студенттер мен магистранттардың да өздігінен еркін жұмыс жасаудына, сабакқа шығармашылық тұрғысынан даярланудына үлкен мүмкіндіктер береді.

#### **Пайдаланылған деректер тізімі:**

1. Рогожина А.П., Картушина Н.В. Роль дистанционного метода обучения при изучения иностранных языков. <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-distantsionnogo-metoda-obucheniya-pri-izuchenii-inostrannyh-yazykov> [Есепке алынған күні: 10.08.2020]
2. Средства программированного обучения. [https://kito.bspu.by/admin-panel/vendor/kcfinder/upload/files/lezkii/LK10\\_ДО.pdf](https://kito.bspu.by/admin-panel/vendor/kcfinder/upload/files/lezkii/LK10_ДО.pdf) [Есепке алынған күні: 12.08.2020].
3. Дистанционное обучение: сегодня и завтра. <https://nsportal.ru/shkola/mezhdistsiplinarnoe-obobshchenie/library/2020/04/24/distantsionnoe-obuchenie-segodnya-i> [Есепке алынған күні: 14.08.2020].
4. Кусаинов А.К., Шарипбай А.А. Технология и методика дистанционного обучения в Республике Казахстан. <https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologiya-i-metodika-distantsionnogo-obucheniya-v-respublike-kazakhstan> [Есепке алынған күні: 13.08.2020].
5. Бахтыбаев Ж.Ш., Тусубаева Ж.М. Образовательные технологии в области дистанционного обучения как интеграция Казахстана. <https://articlekz.com/article/19500> [Есепке алынған күні: 14.08.2020].
6. Информатор «Шығыстану» мамандығының 2 курс студенті М.Барлықбаева. [Есепке алынған күні: 15.08.2020].
7. Course: «Қашықтан оқыту жағдайындағы заманауи оқытушының цифрлық дағылары». <https://mooc.enu.kz/course/view.php?id=338> [Есепке алынған күні: 15.08.2020]